

*Измуханбетова С.С.
№10 ЖББОМ директоры*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШЛІК ӘРЕКЕТТЕРІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫСЫ (ОРТА БУЫН ҮШІН)

Тұлғааралық қарым-қатынас – бұл әр адамның тұлға болып, яғни тұлға құзыреттілігінің қалыптасуының шешуші жағдайы. Әсіресе, жасөспірімдік шақ жеке тұлғаның қалыптасуының маңызды кезеңі. Педагог-зерттеуші А.В.Мудрик өз еңбектерінде: «Окушылар қарым-қатынасы бұл рухани құндылықтар алмасуының коршаған адамдармен және құрбыларымен ойша диалогтық формадағы біріккен әрекет процесі», - деп тұжырымдайды (1).

Адам өмір сүруі мен қымыл-қозғалысы арқылы өзінің әрекетін үйренеді, адамгершілік нормаларын менгереді. Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор С.М.Жақыпов: «Оқыту процесіндегі субъектілердің қарым-қатынасындағы мағыналардың өзгеруі біріккен іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатының заңды құрылудың мүмкіндік береді және оларды оқыту процесінде ескеру, біріккен танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін қажетті шартты жасайды», - деген (1).

Сондықтан, қарым-қатынастың нақтылы, бірізділігі болашақ тұлғаның дамуына орасан зор ықпал етеді. Жеткіншекте адамгершілік қасиеттер, мінез-құлық нормалары ерекшеленеді, адамдардың қоғамға қатынастары анықталынып, қарым-қатынаста жеткіншек құзыреттілігі қалыптасады. Қарым-қатынас - іс-әрекеттің барлық түрінде жасөспірімдердің тұлғалық және психологиялық жаңа сапаларының қалыптастырушы негізі.

Жасөспірімдерде өзін адам етіп сезіндіретін, оны кемсітуге, корлауға, басуға, дербестік құқығынан айыруға болмайтын өршіген сезім пайда болады. Алайда, оларда ересектер статусының элементтерімен қатар оның жағдайын баланың жағдайына жақыннататын тәуелділік белгілері әлі сакталады. Материалдық жағынан, олар ата-аналар қарауында. Мектепте, үйде бір жағынан «сен есейдің, үлкейдің» - десе, екінші жағынан тіл алушты талап етеді.

Жасөспірімдердің әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуында, оның жақын достары мен құрбыларының қатынасы ерекше мәнге ие.

Жасөспірімдік шақ ымырасыз келеді. Жасөспірімдерге өзін көрсетуге ұмтылу, өзін жан-жақты ашуға құштарлық тән. Бірақ, ол өзін қоршаған орта - үлкендер, ата-аналар толық түсінсе дейді. Өзінің ішкі жан дүниесін толық аша алмайтынына қиналады, кейде қарым-қатынас кезінде өзіне сенімсіздік пайда болады.

Міне, сондықтан, жасөспірімнің құрбыларымен қарым-қатынасы оның жеке бас дамуында өте маңызды. Соның нәтижесінде, олар дене және басқаларын бағалауды сезінеді.

Қарым-қатынас танымдық қызығушылықтың өсуіне, өзіндік білім алуға, белсенділікке итермелейді. Жасөспірімдердің құрбылары арасында қарым-қатынас қажеттілігін ата-аналары да алмастыра алмайды. Құрбыларымен қарым-қатынастың жоқтығы тұлғаның және өзіндік сананың дамуына үлкен кедергі болады. Еркін қарым-қатынас дамып келе жатқан жеке тұлғаның өзін көрсетуі - жаңа байланыстар құруының бірден бір құралы. Сондықтан, үлкендер жағынан түсіністік табудың орнына қысым жасалғанда, жасөспірімдерде ерегесу, қарсы тұру, дөрекілік қасиеттер пайда болады.

Жасөспірімдік кезенде құрдастарының ғана бағалауын қабылдайтын құндылықтар қалыптасады. Олар өздерінің жоспарларын, құпияларын, іс-әрекеттерін ата-аналарымен емес, тек достарымен бөлісегін болады. Осы кезенде жасөспірім үшін корқыныш – жалғыздық, өз құрбыларынан алшақ қалу. Мұндай жағдайда бала шамадан тыс мазасызданады, абыржиды және мінезінде түйіктық қасиет пайда болады. Керісінше, егер құрбыларымен қарым-қатынасы жақсы болса, олар өздерін бақытты сезінеді. Жасы өскен сайын құрдастарымен қарым-қатынас беріктігі, қажеттілігі ұлғаяды. «Оның себебі: біріншіден, құрдастары арасындағы қарым-қатынас – өте маңызды өзіндік акпарат каналы. Сол арқылы жасөспірім ересектер айта бермейтін өздеріне қажетті нәрселерді біледі.

Екіншіден, тұлғааралық өзара қатынастың өзіндік ерекше түрі – біріккен іс-әрекет арқылы әлеуметтік ықпалға қажетті дағдыларды менгереді, ұжымдық тәртіпке бағынуға және өз күкірын қорғауға үйренеді.

Ушіншіден, эмоционалдық байланыстың өзіндік түрі. Топтық құрамда болу, ынтымактастық жасөспірімге беріктік пен сәттілік сезімін ұғындырады»(2).

Жасөспірімдердің түрлі іс-әрекеттеріндегі қарым-қатынасы жаңа психологиялық және тұлғалық сапалардың қалыптасуына

негіз болады. Сонымен, қарым-қатынас адамзат үшін әр түрлі деңгейде, әр түрлі кезенде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс.

Жасөспірімдердің жеке тұлға болып қалыпты дамуы құрбы-қурдастарымен қарым-қатынасынсыз мүмкін емес. Ол үшін достары, құрбылары - тіршілік әрекетіне қажетті қоршаған орта. Жолдастарының арасында беделін көтеруге тырысады, жағымды қасиеттерін тәрбиелейді, өзіне сыншы болады. Қарым-қатынас барысында адамдардың іс-әрекеттері байқалады. Мұны менің окушыларым үш топқа бөліне жүріп, өздерінің зерттеу әрекеттеріндегі адамдардың қарым-қатынас мәдениетіне баса назар аударғандарынан байқауға болады.

Окушылар үшін қыындық тудырған өзекті мәселелер:

1. Адамдардың сұхбат алу кезіндегі түсініспеушіліктерінің, яғни көп адамдар сұхбат беруден қашады.

2. Балалар үшін маңызды нәрсе ересектер үшін түкке тұрмайтын нәрсе болып есептеледі.

3. Жалпы зерттеу деген сөзді әркім әртүрлі түсінеді.

Бір ғана мысал: «Бағдаршам» деп аталатын топ жол бойындағы бағдаршамға адамдардың назар аударуын зерттей жүріп, төмендегідей қорытындыға келген:

1. Бағдаршам ересектерге қарағанда балалар үшін маңызды, яғни ересектер бағдаршамға көп қарамайды.

2. Бұрыннан тұрған бағдаршамға қарағанда, жаңадан орнатылған бағдаршамға басым назар аударылады.

3. Бағдаршамдар жеткіліксіз.

4. Жолда жүруді реттеу үшін балалар тобын құру қажет.

Демек, балалардың әрекетінен ұсыныс туады, ал ол өз кезегінде нәтижеге әкеледі. А.В. Петровскийдің тілімен айтсақ:

«...қандай ұжым болса да, ол құрамындағы субъектілердің ара қатынасына негізделеді. Сондықтан белгілі бір әлеуметтік топтағы диалогтық қатынасқа түсіі арқылы тұлғаның адамгершілік, рухани сапалары қалыптасады»(3).

Әсіресе, баланың шешендік сөйлеуі аса маңызды.

Осы тақырыпты зерттеп жүрген профессор А.С.Қыдыршаев бұл туралы:

«Зерттеу еңбектерге сүйене келе, дала табиғатының тамашалығымен бірге көшпелі елдің тұрмыс-салт ерекшеліктерінің өзі ақындық, шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне қолайлы болғандығын баса айтамыз. Ұлт тарихында ру мен рудың, ауыл мен ауылдың және жеке азаматтар арасындағы дау-жанжалдарды

реттейтін, халық мейлінше көп жиналатын жерлері – ас-той, жәрменкелең-базарлар, күнде кеңес құратын «құлтөбелер» ақындар мен шешендер үшін ерекше орын – нағыз форум болған. Сондай-ақ айтыс-дауларды дәлелдеп шешетін шешен-бilerге халықтың көрсететін құрмет сыйы да дарынды, талантты жастарды сөз өнерін үйретуге, игеруге ынталандырған, итермелеген. Демек, талапкер жастар оку ілімінен кенжелегенмен, сана ілімінен кенде қалмаған, бүкіл елде сөйлеу мәдениеті, оның жоғары көрінісі - шешендік өнер калыптасып дамыған», - дейді (4).

Сонымен, зерттеу әрекеті негізінде окушы бойына қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудың шарттары:

- сөйлеу мәдениетін менгеру;
- аудиторияны ұйыта алатын шешендік қасиеттің болуы;
- өзгенің пікірімен санасу;
- бірнеше пікірдің ішінен дұрыс ойды ажырата білу;
- жағымсыз эмоциялардан аулақ болу;
- кез келген ситуацияда тапқыр шешім қабылдау;
- өзіндік рефлексияның болуы.

Бұл шарттардың орындалуы окушының өзгелермен қарым-қатынас жасаудыңдағы ерекшелікті көрсетеді, басқаша айтсақ: «адам мен адамның бір-бірімен араласу, өзара қарым-қатынасындаға «адамның адамдығы» өзі үшін де, өзгелер үшін де ашылады» (М.М.Бахтин) (5).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш.Т.Тұрдалиева «Жасөспірімдер дамуындағы қарым-қатынастың маңызы» Мектептегі психология, 2006ж. №3.
2. Қ.Танабаева «Оқушылардың өзара қарым-қатынасын жетілдіру». Мектептегі психология, 2008ж. №5.
3. Психологические тесты 1999г. том №1 М., «Проективные методы исследования личности».
- 4.А.С.Кыдыршаев «Шешендіктану». Алматы, 2000 жыл.
5. М.М.Бахтин «Философия паступка». «Философия и социология науки». Ежегодник Москва, 1986 ж.

Автор в своей статье отмечает важность взаимоотношений между детьми, их огромную роль в формировании устойчивой психологии. А также указывает, что взаимоотношения между детьми способствуют формированию компетентной личности.

The author in her article marks the importance of the mutual relation between children. Their great role in forming steady psychology. Also she points that mutual relation between children is formed competent personality.